Ата-аналар үшін ББЖМ-ға дайындық жадынамасы





Құрметті ата-аналар!

Психологиялық қолдау-балаңыздың ББЖМ-ны сәтті тапсыруының бірден-бір маңызды факторы. Баланы қалай қолдау керек?

- ***Оның күшті жақтарына сүйеніңіз.***
- ***Балаңыздың нашар жақтарын бетіне басудан аулақ болыңыз.***
- ***Үйде достық жағдай қалыптастырыңыз.***
- ***Үйде сабақ қарауға ыңғайлы орын дайындаңыз.***
- ***Пән бойынша әртүрлі нұсқадағы тест тапсырмаларын дайындаңыз.***

- Балаңыздың хал-жағдайын бақылаңыз, оның әбден жалығуына жол бермеңіз.

- Тестілеу алдында балаңыздың толық демалуын қамтамасыз етіңіз.

Есіңізде болсын: ең негізгісі-дұрыс ниет, баланың өз мүмкіндіктерін бағалай алуы, уақытты дұрыс бөлу және жүйелі дайындық.

Емтиханды сәтті тапсыру көбіне баланың көңіл-күйіне және соған ата-анасының қатынасына байланысты. Баланың емтиханға дұрыс дайындалуына көмектесу үшін бірнеше кеңесті орындап көріңіз:

- *Балаңызға әр күнге дайындық тақырыбын бөлуге көмектесіңіз.*
- *Бір уақытта қатал әрі мейірімді болыңыз, бірақ судья рөлінде болмаңыз.*
- *Балаңызды қолдаңыз, оның уайымдап жүргенін түсінетіңізді көрсетіңіз.*
- *ББЖМ-ның алдында баланың үрейін жоғарлатпаңыз- бұл нәтиженің төмендеуіне әкелуі мүмкін.*
- *Баланың ББЖМ-ға дайындық режимін бақылаңыз.*
- *Уақытты үнемдеуге үйретіңіз.*
- *Тамақтануына көңіл бөліңіз: баланың ақыл-ой жұмысы уақытында нәрлі және алуан түрлі тағам қажет.*